

**Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау
Министрінің "Атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының)
жиынтық табысын, анықтаудың Ережесін бекіту туралы" 2002 жылғы 13
ақпандағы N 31-ө Бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы (2002
ж. 28 ақпанда N 1782 тіркелген)**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2002 жылғы 11 сәуірдегі N 78-ө бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 12 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 1821. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2009 жылғы 28 шілдедегі N 237-ө Бұйрығымен.

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2009.07.28 N 237-ө бұйрығымен.

"Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Z010246_ Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру үшін халықтың табысын анықтау мәселелеріндегі тәсілдерді жетілдіру мақсатында

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. "Атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының) жиынтық табысын анықтаудың Ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрінің 2002 жылғы 13 ақпандағы N 31-ө V021782_ бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген Бұйрықпен бекітілген Атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының) жиынтық табысын анықтаудың Ережесіне:

5-тармақта "1-қосымша" деген сөздердегі "қосымша" деген сөздің алдынан "үлгілік" деген сөзбен толықтырылсын;

6 - т а р м а қ т а :

"2-7 қосымшалар" деген сөздердегі "қосымшалар" деген сөздің алдынан "үлгілік" деген сөзбен толықтырылсын;

"құны" деген сөзден кейін "аймақтардың ерекшеліктері және тиісті жергілікті атқару органы мәліметтерінің негізінде орташа көрсеткіштерге енгізілетін түзетулер ескеріле отырып" деген сөздермен толықтырылсын;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Табысты есептеу үшін облыстық (Астана және Алматы қалаларының) еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі уәкілетті органдарына статистика жөніндегі облыстық органдар ұсынатын 2-7 үлгілік

қосымшаларында көрсетілген өнімдерге облыстарда өткен жылы қалыптасқан орташа жылдық бағалар пайдаланылады.

Ұсынылған бағалар аймақтардың ерекшеліктері ескеріле отырып түзетілуі және атаулы әлеуметтік көмекті тағайындауды жүзеге асырушы аудандық (қалалық) уәкілетті органдарға жіберілуі мүмкін."

9-тармақта "8-қосымша" деген сөздердегі "қосымша" деген сөздің алдынан "үлгілік" деген сөзбен толықтырылсын; мынадай мазмұндағы 9-1-тармақпен толықтырылсын: "Учаскелік комиссиялардың қорытындысына сәйкес адамның (отбасының) материалдық жағдайын төмендеткен мәліметтерді өтініш беруші әдейі ұсынған жағдайда, атаулы әлеуметтік көмекті тағайындауды жүзеге асырушы уәкілетті органдар отбасының жан басына шаққандағы орташа табысының мөлшерін қайта қарауы мүмкін.". 2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді. Министр Келісілді: Қазақстан Республикасы Статистика жөніндегі агенттігі Төрағасының орынбасары 2002 жыл 11 сәуір Мамандар: Омарбекова А . Т . И к е б а е в а Ә . Ж .